БАРЛЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІҢДЕР!

# ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ және ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 40 (9358) | 1954 жылғы 21 февраль Жексенбі | Шығуына 34 жыл жеке саны 20 тиын.

**Партия, совет, шаруашылық аппаратының барлық буынында тәртіпті батыл нығайтып, әрбір қызметкердің өзіне жүктелген іске жауапкершілігін арттырып, СОКП Орталық Комитетінің сентябрь Пленумының „ССРО ауыл шаруашылығын онан әрі өркендету шаралары туралы" қаулысын сөзсіз орындауды қамтамасыз ету керек.**

# Қазақстан Компартиясының VII съезіне Қазақстан КП Орталық Комитетінің есепті баяндамасы

Қазақстан Коммунистік партиясының VII съезі Қазақстан КП Орталық Комитетінің есепті баяндамасын тыңдады. Ж. Шаяхметов жолдас баяндама жасады.

Қазақстанның Коммунистік партиясы СОКП Орталық Комитеті мен Совет үкіметінің басшылығы және тікелей көмегі арқасында VI және VII съездер арасында өткен біржарым жыл ішінде республиканың халық шаруашылығын, мәдени құрылысын өркендетуде бірсыпыра жұмыстар істеді.

## Өнеркәсіп

Республиканың көмір өнеркәсібі жылдық программасын орындады және техникалық -экономикалық көрсеткіштерін біраз жақсартты.

Қарағанды көмір комбинаты соңғы төрт жыл ішінде бірінші рет еңбек өнімділігін арттыру жоспарын орындады, он миллион сомнан аса пайда келтірді, ал ол 1952 жылды зиянмен аяқтаған болатын.

Республикамызда, әсіресе Қарағандының өнеркәсіп аудандарында көмір өнеркәсібін өркендетудің қарқынын күшейту қажет; кәсіпорындарға басшылық ету дәрежесін арттырып, озаттар мен жаңашылдардың тәжрибесін кеңінен таратып, барлық жұмысшыларды осы тәжрибемен қаруландырып отыру керек.

Қарағанды шахта құрылысы комбинаты алдына қойылған міндеттерді нашар орындап келеді. Ол жаңа объектілерді пайдалануға дер кезінде беріп отырмайды, ал пайдалануға берген объектілерінің ақаулары көп. Мол құрылыс техникасы нашар пайдаланылуда. Комбинат 1953 жылды үлкен зияндармен аяқтады. Қарағанды көмір бассейні құрылысшыларының аса маңызды міндеті — күрделі құрылыстың артта қалушылығын жою.

Республиканың мұнайшылары 1952 және 1953 жылдары мұнай өндіру жоспарларын орындап шықты. Кәсіпорындардың техника жағынан қарулануы өсіп, олар маман кадрлармен толықтырылды.

Республика мұнай өнеркәсібі қызметкерлерінің міндеті мұнайдың онан әрі, неғұрлым тез көп өндірілуін қамтамасыз ету, бұрғылау және геологиялық барлау жұмыстарын ұйымдастыруды жақсарту, мұнайды қайта өңдеу технологиясын жетілдіру, мұнайшыларды мәдени- тұрмыс жағынан қамтудағы кемшіліктерді жою болып табылады.

Есеп беріп отырған уақыттың ішінде республиканың қорғасын- мырыш және мыс өнеркәсібі жұмысты мүлдем қанағаттанғысыз істеп, мықтап артта қалып келеді, мұның өзі халық шаруашылығының басқа тарауларын неғұрлым тез өркендетуді бөгеп отыр.

Қазақстан КП Орталық Комитеті мен республика Министрлер Советі Қазақстанда ауылшаруашылық машиналарын жасайтын бірнеше заводтар салу жөнінде ұсыныстар әзірлеуге тиіс.

Энергетика кәсіпорындары және олардың құрылыстары кейбір табыстарға ие болды. Республикадағы ең ірі Өскемен су электр станциясы және басқа электр станциялары салынып, қатарға қосылды. Қазіргі бар электр станцияларының қуаттылығы онтаған мың киловатт болып ұлғайды. Ірі Бұқтарма су электр станциясының құрылысы басталды.

Алайда, ірі өнеркәсіпті және ауылшаруашылықты аудандарды электр қуатымен жабдықтау ісінің жайы әлі де қанағаттанғысыз болып келеді, мұның өзі халық шаруашылығының кейбір аса маңызды тарауларын өркендетуге бөгет болып отыр.

Энергетика өнеркәсібі саласындағы міндеттер мынадай: облыс және өнеркәсіп орталықтарында электр станцияларының қуаттылығын онан әрі және неғұрлым тез ұлғайтуға жетісу керек, көпшілік тұтынатын заттар мен азық- түлік товарларын өндіретін өнеркәсіп орындарын электр қуатымен жабдықтауды барынша жақсарту керек, 1954 жылы Қарағанды энергетика жүйесінің қуаттылығын шұғыл ұлғайтуды қамтамасыз ету керек, 1954 жылы Алматының № 2 Озерная су электр станциясының құрылысын өрістетіп, Орал орталық электр станциясын салу жұмысын жеделдету керек, Шымкент май комбинатының және Құлсары орталық электр станциясын кеңейту жұмысын тездету керек, электр станцияларының жабдықтарын пайдалануды жақсартып, бұл жұмыстардың техникалық экономикалық көрсеткіштерін шұғыл арттыру керек.

Орталық Комитет республиканың ауыл шаруашылығын электрлендіру ісін өркендету жөнінде шаралар белгілеп, жүзеге асыруға тиісті.

Құрылыс материалдарын, әсіресе, күй-

...

қатар жұмыстар істелді. Елді пункттерді радиоландыру жұмысы едәуір ұлғайтылды. Халыққа почта байланысы арқылы қызмет ету жұмысы біраз жақсарды.

Сонымен қатар, байланыс мүмкіншіліктерінің, әсіресе қалааралық телефон байланысының даму дәрежесі республиканың халық шаруашылығының басқа салаларынан едәуір артта қалып отыр және республика халқының өскелең талаптарын қамтамасыз етпейді.

Республиканың байланыс қызметкерлерінің міндеті мынада: жаңа техниканы меңгеру және алдыңғы қатарлы тәжрибені кең өрістету негізінде байланыстың барлық түрлерін шұғыл жақсартып, олардың барынша жете пайдаланылуын қамтамасыз ету, байланыс мүмкіншіліктерін дамытудағы халық шаруашылығының және халықтың оны талап етуінің дәрежесінен қалып қоюшылықты жою.

Өнеркәсіптің барлық жоғарыда айтылған салаларының, әсіресе көмір, мұнай, металлургия өнеркәсібінің, күрделі құрылыстың жұмысындағы елеулі кемшіліктер мынадан туып отыр: Қазақстан КП Орталық Комитеті, сол сияқты Қарағанды, Шығыс Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан, Гурьев облыстық партия комитеттері және олардың бірінші секретарьлары Яковлев, Қаржаубаев, Күзембаев, Полымбетов жолдастар комбинаттар мен кәсіпорындардың шаруашылық және партия басшыларына талапты нашарлатып жіберді, олардың жұмысындағы кемшіліктерге төзіп отыра береді, өндірістің экономикасы мен оны ұйымдастыру мәселелерін үстірт шешеді, кәсіпорындардың коллективтерін мемлекеттік жоспарды орындау, өндіріс мүмкіншіліктерін пайдалану жолындағы күреске нашар жұмылдырады.

Партия органдарының міндеті бұл кемшіліктерді жоюда болып отыр. Өнеркәсіп орындарының ауыл шаруашылығын өркендету ісіне қатысуына баса көңіл бөлу керек. СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумынан кейін өнеркәсіп орындары мен құрылыс ұйымдарының жүргізген жұмысы республиканың ауыл шаруашылығын онан әрі өркендету міндетіне толық жауап бере алмайды.

Ауыл шаруашылығына механизатор, инженер- механик, техник, жоспарлаушы, экономист және басқа мамандықтағы кадрлар керек. Өнеркәсіптің шаруашылық және партия басшыларының міндеті бұл мәселені жалпымемлекеттік мүделердің тұрғысынан шешіп, өздерінен сондай кадрларды тауып отыру және оларды ауыл шаруашылығына жіберіп отыру болып табылады.

Колхоздарда, МТС-терде және совхоздарда қазір зор өндірістік және тұрмыстық құрылыстар жүргізіліп жатыр. Қалалардың партия және совет ұйымдары, кәсіпорындары мен құрылыстардың басшылары МТС, колхоз және совхоз объектілерін салуға тікелей және барынша белсене қатысуға, ол үшін ірі өнеркәсіп құрылысындағы зор тәжрибені пайдалануға міндетті.

Қалалар мен өнеркәсіп орындарының партия ұйымдары саяси- бұқаралық және мәдени- ағарту жұмыстары жөнінде зор тәжрибеге ие болды. Ауыл шаруашылығы қалалар мен кәсіпорындарының партия ұйымдарынан саяси- бұқаралық және мәдени- ағарту жұмыстарын ұйымдастыруда елеулі көмек күтеді. Қалалар мен өнеркәсіп орындарының партия ұйымдары бұл міндетті орындауға тиісті.

## Ауыл шаруашылығы

Қазақстан Компартиясының VII съезі партия, бүкіл совет халқы СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының тарихи қаулыларын жүзеге асыру ісімен шұғылданып жатқан жағдайда өтіп отыр.

1954 жылғы 5—6 февральда Қазақстан КП Орталық Комитетінің IX пленумы болды. Пленум СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының қаулысын орындаудың барысы туралы мәселе қарап, бұл қаулының орындалуы мүлде қанағаттанғысыз деп тапты.

Орталық Комитеттің бюросы мен республика Министрлер Советі Н. С. Хрущев

...

артуға тиіс, ал соңғы 13 жылдың ішінде —1940 жылдан 1953 жылға дейін бұл облыстарда дәнді дақылдар егісінің көлемі 1 миллион гектардан сәл-ақ артық көбейген.

Ауыл шаруашылығын өркендету жөніндегі шараларды белгілегенде Қазақстан КП Орталық Комитетінің бюросы қате жібергендігін баяндамашы мойындады: бюро дәнді дақылдар егісінің көлемін мықтап ұлғайту міндетін қоймаған, ал бұл мәселе жөніндегі кейбір партия, совет, және ауылшаруашылық органдарының инициативасын тиісінше қолдамаған.

...

қылдарын өсірудің агротехникасын шұғыл арттыру керек.

СОКП Орталық Комитетінің сентябрь Пленумы соңғы жылдары мал шаруашылығын өркендетуде Қазақ ССР колхоздары мен совхоздарында ірі кемшіліктерге жол берілгенін ерекше атап көрсетті. Қазақстанда Совет Одағының басқа республикаларымен салыстырғанда, мал санын онан әрі жедел көбейтіп, мал шаруашылығының өнімділігін арттыруға неғұрлым қолайлы жағдайлар бар. Бірақ бұл мүмкіндіктер мүлде қанағаттанғысыз пайдаланылып, мал шаруашылығы ұзақ уақыттан бері өте артта қалып келеді. 1953 жылғы 1 октябрьге дейін Қазақстанның сиыр малы мен жылқы жөнінде 1928 жылдың дәрежесіне жетпегенін айтсақ та жеткілікті. Республиканың бірқатар облыстарында 1940 жылмен салыстырғанда өнімді мал санының азаюына жол берілді. Төл алу, сүт сауу, жүн қырқу жылдан жылға азая түсуде.

Сонымен, мал шаруашылығының саны мен сапа жағдайы жақсармай, қайта мұның керісінше нашарлап отыр.

Қазақстан КП Орталық Комитетінің бюросы, республиканың Министрлер Советі, жергілікті партия және совет органдары мал шаруашылығына іскерлікпен басшылық жасауды қамтамасыз етпей, мемлекет берген қуатты техниканы дұрыс пайдалана білмеді.

Республиканың колхоздарында мал санын көбейтіп, оның өнімділігін арттырудың мемлекеттік жоспарлары үнемі орындалмай, малдың орасан көп шығын болуына жол беріліп келеді.

Фермаларда малды өз төлі есебінен өсірудің және ет пен сүт өнімдерін алудың негізгі қайнар бұлағы болып табылатын сиыр санын көбейту ісінің жайы мүлде жақсы емес.

Малдың көп шығын болуы және фермаларда малдың өнімділігі төмен болуы мынаған әкеліп соқтырды: 1953 жылы республиканың бірде- бір облысы мемлекетке жүн тапсырудың белгіленген жоспарын орындамады, 8 облыс сүт тапсыру жоспарын, 10 облыс — ет тапсыру жоспарын орындамады.

СОКП Орталық Комитетінің сентябрь Пленумынан бері бес ай уақыт өтті, мұның өзі республикада мал шаруашылығын өркендету ісін түбірімен жақсартуда нақты нәтижелерге жетуге әбден болатын мерзім еді. Бірақ мал өсіру, малды

...

барлық мал шаруашылығы табыстарының 44,1 проценті және ауыл шаруашылығының барлық тарауларынан түскен жалпы табыстың 18 проценті болды.

Колхоздардың 1955 жылы қой шаруашылығынан алатын табыстары мемлекеттік жоспарларды орындағанда 1 миллиард 585 миллион сом, оның ішінде жүн тапсырудан 1 миллиард 387 миллион сом яғни қой шаруашылығынан 1952 жылы түскен табыстарға қарағанда 6 еседен артығырақ болады. Мұның мәнісі—1955 жылы колхоздар бір ғана қой шаруашылығынан 1952 жылы егін шаруашылығы мен мал шаруашылығын қосып есептегенде екеуінен алған табысынан 140 миллион сом табысты артық ала алады деген сөз.

Республикамызда қой шаруашылығының артта қалуының себептерін жете анықтап, қой шаруашылығын онан әрі өркендету шараларын белгілеп, қой шаруашылығын жаппай мамандығы бар кадрлармен нығайтып, колхоздар мен колхозшылардың қой шаруашылығын өркендетуге ынталылығын арттыру жөнінде ұсыныстар жасап, қой шаруашылығы қызметкерлерінің тұрмыс жағдайын жақсартуды қамтамасыз ету керек.

Мал шаруашылығын өркендетіп, оның өнімділігін арттырудың мемлекеттік жоспарын әрбір колхозда, ауданда және облыста сөзсіз орындауды қамтамасыз ету қажет.

Бағымдағы бір сауын сиырдан орташа алынатын сүт қала маңындағы аудандардың колхоздарында ең таяу екі жыл ішінде 1.500—1.800 литрге, сүт-ет және ет-сүт мал шаруашылығы колхоздарында —1.100—1.200 литрге және мал шаруашылығы аудандарының колхоздарында—600— 700 литрге жеткізілуге тиіс. Биязы жүнді қойдан қырқылатын жүн 3,9 килограмға, жартылай биязы жүнді қойдан—3,3 килограмға, жартылай қылшық жүнді қойдан—3,8 килограмға және қылшық жүнді қойдан 2,2 килограмға жеткізілуге тиіс.

Республиканың бүкіл ауыл шаруашылығы бойынша товарлы ет және сүт өндіру 1954—1955 жылдары едәуір арттырылуға тиіс. Республикада бүкіл ауыл шаруашылығы бойынша мемлекетке жүн тапсыру осы уақыт ішінде ондаған мың тонна болуға тиіс.

Тұрақты жемшөп базасын жасау ісінде екпе жемшөп дайындауды мықтап арттыру және табиғи шабындықтың өнімді-

Қазақстанның қорғасын- мырыш және мыс өнеркәсібі қызметкерлерінің міндеті сол — артта қалушылықты ең таяу уақытта жою керек, кен-проходка жұмыстарында цикл алу графиктерін кең қолданып, еңбекті көп керек ететін кен жұмыстарын комплексті механикаландыру, негұрлым өндіргіш кен жабдықтарды игеру, рудаты қайта өңдеу технологиясын жетілдіру, металдарды концентрат етіп шығаруды арттыру, концентрат сапасын жақсарту, шикізат пен өндіріс қалдықтарын комплексті түрде пайдалану жұмыстарын қамтамасыз ету керек.

Қара металлургия кәсіпорындары 1952 жылдың жоспарын асыра орындап, 1953 жылдың жоспарын орындауды мерзімінен бұрын аяқтады. Қара металлургия кәсіпорындары қызметкерлерінің міндеті әрбір кәсіпорнында өндірістік программаның толық және асыра орындалуын қамтамасыз ете беруде болып отыр.

Химия өнеркәсібінің кәсіпорындары 1953 жылдың өндірістік программасын орындады. Фосфорит рудасын өндірудің онан әрі артуын және Орта Азия мен Қазақстанның барлық суперфосфат заводтарын толық жабдықтауға керекті фосфорит ұнын өндіруді қамтамасыз ету және фосфорит рудасын байыту процесін игеру қажет.

Машина жасау өнеркәсібі тұтас алғанда жылдық жоспарын орындаған жоқ. Әсіресе, Алматы ауыр машина жасау заводы жұмысты нашар істеді.

Қазақстан сияқты аса ірі ауылшаруашылықты республикада ауыл шаруашылығына керекті әр алуан машиналар, механизмдер және жабдықтар жасайтын заводтар әлі жоқ. Ал бірден-бір «Қазақсельмаш» заводы он екі жыл бойы салынуда және оның құрылысы әлі аяқталған жоқ. Мұның өзі Қазақстан КП Орталық Комитетінің жұмысындағы ең ірі кемшіліктердің бірі болып отыр.

Машина жасау өнеркәсібі орындарының шаруашылық басшылары, партия, комсомол және кәсіподақ ұйымдары мемлекеттік жоспардың әрбір участокте, әрбір цехта және әрбір кәсіпорында жалпы және товарлы өнім шығару жөнінде, бұйымдардың бүкіл номенклатурасы бойынша сөзсіз орындалуына жетісіп, өнімнің сапасын арттырып, бракқа болатын шығындарды шұғыл азайтуға тиіс.

[illegible] алебастрды өндіру бірсыпыра ұлғая түрсе да, құрылыс материалдарына деген өскелең қажеттер әлдеқайда қанағаттандырылмай келеді. Республиканың құрылыс материалдары өнеркәсібі министрлігі өзіне жүктелген міндетті атқара алмай отыр.

Құрылыс материалдары жөніндегі қажеттер мен оларды өндіру арасындағы болып отырған алшақтықты жою мақсатымен өнеркәсіптің осы тарауын өркендетуді бағаламаушылықты жойып, республиканың құрылыс материалдарын шығаратын барлық министрліктер мен ведомстволардың кәсіпорындарының өндірістік қуаттылығын өсіруге шаралар қолдану қажет. Бұған жаңа заводтар салу жұмысын және оларды пайдалануға беру жұмысын тездету жолымен, сол сияқты, өндіріс резервтерін барынша толық пайдалану жолымен жету керек.

Қазақстан Коммунистік партиясының VI және VII съездері арасындағы уақытта республика халық шаруашылығының барлық тарауларында күрделі құрылыс онан әрі едәуір өсті. Өнеркәсіп орындары салынумен қатар мәдени-тұрмыс және тұрғын үй құрылысы кең көлемде өрістетілді. 450 мың шаршы метрден аса тұрғын үйлер, 92 мектеп үйі және басқа объектілер пайдалануға берілді.

«Казметаллургстрой», «Казмедьстрой», «Зыряновсксвинецстрой», «Лениногорсксвинецстрой», «Мырғалымсайсвинецстрой», «Текелісвинецстрой», «Кировшахтастрой», «Промжилстрой», «Казнефтестрой», «Ақтөбестрой» сияқты және басқа ірі-ірі трестер соңғы бірнеше жыл бойы жоспарын орындай алмай келеді.

Құрылысшылардың бірінші дәрежелі міндеті құрылыс жұмыстарының артта қалушылығын тезірек жойып, халықшаруашылық жоспарда қаралған барлық объектілерді уақытылы пайдалануға беру болып табылады.

Облыстық, қалалық, аудандық партия комитеттері құрылыс жұмыстарының артта қалу себебін терең ашып, құрылыс басшыларымен және құрылысшылардың бүкіл коллективімен бірге белгіленген жоспарлардың сөзсіз толық және асыра орындалуын қамтамасыз етерліктей шаралар белгілеуге тиіс. Республика партия ұйымының басты міндеттерінің бірі—міне, осында.

## Транспорт және байланыс

Есеп беріп отырған дәуірдің ішінде республиканың темір жол транспортын онан әрі өркендету жөнінде едәуір жұмыс істелді. Мойынты—Шу, Ақмола—Павлодар темір жол линиялары салынып бітіп, тұрақты пайдалануға берілді.

Алайда жолдың жұмысында қирау, брак жіберу, вагондардың бос тұрып қалуы, поездардың уақтылы өткізілмеуі, жолдың нашар жөнделуі және теміржолшылар арасында тәрбие жұмысының нашар болуы әлі де орын алып келеді.

Темір жол транспорты саласындағы міндеттер мынадай:

Ақмола —Қарталы участогінде екінші жолдардың құрылысын тездету. Гурьев—Астрахань, Қоңырат—Мақат темір жолдарының құрылысын өрістету, Қарағанды—Ақмола—Қарталы участоктерін электрлендіру;

1954 жылы жүк айналымын онан әрі ұлғайтуды, поездардың жүрісіне байланысты қызметкерлердің, әсіресе локомотив бригадаларының еңбегін ұйымдастыруды жақсарту.

Есеп беріп отырған дәуір ішінде республиканың автомобиль паркі 20 процент, ал министрліктің меншікті паркі 2,1 есе көбейді. Бірақ автомашиналардың пайдаланылуы әлі тым қанағаттанғысыз күйде келеді. Автомобиль паркінің техникалық жағдайын және пайдаланылуын жақсартып, олар арқылы жақын жерлерден жүк тасу жұмысынан темір жолдарды босату қажет.

Байланысты онан әрі өркендетуде бір-

---

Қысқартылған стенограмма бойынша басылып отыр.

[illegible] жолдастың баяндамасында және СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының қарарында айтылған өте әділ сыннан сабақ алмады. Баяндамашы Қазақстан КП Орталық Комитеті мен республика Министрлер Советінің басшылары ең алдымен өздерін ауыл шаруашылығына басшылық етудегі қателіктер мен кемшіліктерді түзетуге жұмылдыра алмағанын және партия мен үкметтің Қазақстан алдында қойған міндеттер дәрежесінде болмағанын мойындады.

СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының қаулысында астық шаруашылығы бүкіл ауылшаруашылық өндірісінің негізі болып табылады деп көрсетілген.

Алайда, республикада егіс көлемі өте баяу ұлғайтылуда, ауылшаруашылық дақылдарының шығымдылығы тым төмен.

Дәнді дақылдар өнімінің төмен болуының негізгі себебі МТС-тердің, колхоздардың және совхоздардың жүргізген жұмыстарының сапасы қанағаттанғысыздығында, көптеген совет және ауылшаруашылық орындары, МТС және совхоз директорлары, колхоз председательдері тарапынан агротехника мәселелеріне менсінбей қараушылықта.

Республиканың колхоздары мен совхоздары пар айдау және зябь жырту жоспарларын жыл сайын орындамайды, дәнді дақылдардың көпшілігі көктемде айдалған жерге егіледі. Дәнді дақылдарды жиі қатарлап және тоғыспалы әдіспен егу, жүгеріні және басқа отамалы дақылдарын шаршы-ұялап егу сияқты озат агротехникалық әдістер өте нашар енгізілуде.

СОКП Орталық Комитеті мен Совет үкметі республиканың алдына орасан зор, мемлекеттік маңызы бар міндет қойды. Ол —астық өндірісін республикада осы уақытқа дейін өндіріліп келгендегіден бірнеше есе көбейту. Бұл міндетті тез және ойдағыдай шешу үшін бізде керекті мүмкіншіліктердің бәрі бар. Ол үшін дәнді дақылдардың, ең алдымен бидай мен гарының егіс көлемін мықтап ұлғайтып, дәнді дақылдардың шығымдылығын едәуір арттыру қажет, сөйтіп олардың әр гектарынан кемінде 13—14 центнерден өнім алу керек.

1954—1955 жылдардың ішінде Қостанай, Солтүстік Қазақстан, Көкшетау, Ақмола, Павлодар, Қарағанды, Батыс Қазақстан және Ақтөбе облыстарының колхоздары мен совхоздарында 6 миллион гектардан астам тың және тыңайған жерлер егістікке айналдырылуы керек.

Бірақ, республикадағы басқа облыстардың колхоздары мен совхоздары тыңайған және тың жерлерді жыртуға тиісті емес, деуге тіпті де болмайды. Бұл—республиканың барлық колхоздары мен совхоздарының алдында тұрған міндет.

Республиканың колхоздары мен совхоздарының тың және көптеп тыңайып жатқан жерлерді меңгеру жөніндегі жұмысының көлемі орасан зор екендігін мынадай мәліметтермен сипаттауға болады: соңғы 40 жылдың ішінде (1913 жылдан 1953 жылға дейін) Қазақстанда барлық егіс көлемінің өсуі 5.017,1 мың гектар болса, 1954—1955 жылдары 6.300 мың гектар болмақ.

Жоғарыда айтылған облыстардың колхоздары мен совхоздарында дәнді дақылдар егісінің көлемі екі жылдың ішінде екі есе [illegible] СССР Министрлер Советі мен СОКП Орталық Комитеті тыңайған және тың жерлерді меңгеру ісінде біздің республикаға орасан зор материалдық-техникалық көмек көрсетуде. Республиканың партия ұйымдары мемлекеттің бұл көмегіне сүйене отырып және совхоздарда, колхоздар мен МТС-терде бар техниканы толық пайдалана отырып, бұл аса маңызды халықшаруашылық міндетін сөзсіз орындап шыға алады.

Орталық Комитеттің бюросы, республиканың Министрлер Советі, Оңтүстік Қазақстан облысының партия, совет және ауылшаруашылық органдары осы уақытқа дейін мақта өндірісінің артта қалуын жоя алмай келеді, бұл да елеулі кемшілік болып отыр.

Жамбыл, Талдықорған және Алматы облыстарының қызылша егетін колхоздары қант қызылшасының жоспарлы өнімін қамтамасыз ете алмағаны былай тұрсын, тіпті 1952 жылғымен салыстырғанда 1953 жылы егін өнімінің төмендеп кетуіне жол берді.

Мұндай жағдай мемлекетке мақтаны және қант қызылшасын тапсыру жоспарының үнемі орындалмауына әкеліп соғады.

Мақта және қант қызылшасы өндірісінің мықтап артта қалуына басты себеп—Оңтүстік Қазақстан облысының басшылары Күзембаев жолдастың, Жамбыл облысы — Артығалиев және Аталықов жолдастардың, Алматы облысы — Бунаков және Ильяшев жолдастардың, Талдықорған облысы — Қарсыбаев және Қамбаров жолдастардың бұл аса маңызды дақылдарға мүлде теріс көзқараста болып келгендігі.

Мақта және қант қызылшасы өндірісінің артта қалуын үзілді-кесілді жою керек, егіс көлемін мықтап арттыру үшін, мақтаның, қант қызылшасының шығымдылығын әрбір колхоз бен совхозда белгіленген тапсырмаларға сәйкес арттыру үшін қажетті шаралардың бәрін қолдану керек.

Алматы, Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан және Талдықорған облыстарының басшылары қураған бау ағаштарын қалпына келтіру үшін шаралар қолданып, 1954 жылы қосымша бау ағаштарын, жүзімдіктер және жидектер егу жоспарының сөзсіз орындалуын, сөйтіп 1954—1955 жылдары жеміс-жидек ағаштары егісінің көлемін шұғыл ұлғайтуды, олардың өнімділігін арттыруды қамтамасыз етуге тиісті.

СОКП Орталық Комитетінің сентябрь Пленумы картоп және овощь өндірісін ұлғайту мәселесіне ерекше көңіл аударды. Республикада картоп пен овощьтың егіс көлемі мен шығымдылығы соғысқа дейінгі 1940 жылғымен салыстырғанда артпағаны былай тұрсын, жылдан жылға кеміп барады.

Республиканың колхоздарында үстіміздегі жылы кемінде 40 мың гектар картоп, кемінде 22 мың гектар овощь егіп, олардан кемінде жоспарлы өнім алуды қамтамасыз ету қажет. Ол үшін картоп және овощь дақылдарын егуге әзірлікті күшейтіп, көктем егісін тұқыммен қамтамасыз ету керек, бұл дақылдарды егудің және отырғызудың шаршы-ұялау әдісін енгізуге әзірлік жасап, картоп және овощь дақылдарын арттыру жұмыстары республика колхоздарының басым көпшілігінде жақсармады, ал көптеген колхоздарда тіпті нашарлап кетті.

Колхоздарда сиыр малының саны 1954 жылғы 1 октябрьде, одан бұрынғы жылмен салыстырғанда, 16,2 процент, соның ішінде сиыр — 20,7 процент, қой мен ешкі — 22,9 процент және шошқа—4,1 процент артуға тиісті.

Бұл жоспарды орындау үшін әрбір жүз төлдейтін малдан кемінде 95 бұзау, 105 қозы және 1.200 торай өсіру қажет, ет үшін негізінен семіз және семіздігі ортадан жоғары, тірідей салмағы мол мал тапсыру қажет. Малдың өлім-жітімге ұшырауына, орынсыз жұмсалуына жол бермеу керек.

1953 жылы октябрь, ноябрь және декабрь айларының қорытындысы Орталық Комитет бюросының, республика Министрлер Советінің, жергілікті партия, совет және ауылшаруашылық органдары басшыларының мал шаруашылығындағы артта қалушылықты жою үшін шындап күреспегендіктерін көрсетеді.

СОКП Орталық Комитетінің сентябрь Пленумы мал шаруашылығын өркендетудегі қолайсыз жағдайдың, ең алдымен жемшөп өндіру және дайындау ісінің артта қалуынан болып отырғанын атап көрсетті. Партия, совет және ауылшаруашылық органдары басшыларының көпшілігі, оның ішінде Орталық Комитеттің бюросы республиканың Министрлер Советі мен Ауыл шаруашылығы министрлігі берік жемшөп базасын жасау қажеттігі туралы әзірше көптеген сөздер айтып, бірақ осы проблеманы барлық жерде іс жүзінде шешу үшін ешнәрсе дерлік істемей отырғанын фактілер айқын көрсетеді.

Отарда мал шаруашылығын өркендетуді теріс ұғыну мал шаруашылығы ісіне зор зиянын тигізіп келеді. Кейбіреулер отарда мал шаруашылығын өркендетуді бұрынғы көшпелі шаруашылықтың артта қалған әдісі ретінде барлық жерде тоқтату керек, дегенді айтады. Ал басқалары, әсіресе Гурьев, Қызылорда, Қарағанды облыстарының және оңтүстік облыстардың қызметкерлері мал шаруашылығы толығымен немесе түгел дерлік отар негізінде өркендетілуге тиіс, дегенді айтады.

Бұл көзқарастың екеуі де дұрыс емес. Қазақстанда алыста жатқан жайылымдық жер орасан көп, міне бұл жерді дұрыс пайдалану мал бағуға оншалық көп шығын жұмсамай, мал шаруашылығынан өте көп өнім алуға мүмкіндік береді. Осы арзан жемшөп базасын пайдаланудан бас тарту қате болады.

Барлық іс отардағы мал шаруашылығын ескі әдістермен, малды бір жерден екінші жерге айдап апару жолымен жүргізбей, қайта мал жайылымы участоктерінде жемшөптің қажетті сақтық қорын жасау, малды қоралармен, ал адамдарды —үймен қамтамасыз етіп, малшыларға мәдени-тұрмыстық жағдай жасауда болып отыр.

Республиканың мал шаруашылығын өркендетудің басты бағыты ірі, мол өнімді қой шаруашылығы болуға тиіс.

Колхоздардың қой шаруашылығынан алған ақшалай табыстары 1952 жылы [illegible] лігін арттыру жолына түсу керек. Колхоздарда көпжылдық және біржылдық шөп егісінің көлемі 1954 жылы 1.200 мың гектарға, 1955 жылы —1.750 мың гектарға жеткізіліп, суарылмайтын жерде гектарынан кемінде 18 центнер, суармалы жерде 40 центнер өнім алынуға тиіс.

Көлдетіп суарылатын жер көлемі 1954 жылы—2.100 мың гектарға, ал 1955 жылы—2.200 мың гектарға дейін жеткізілуге тиіс.

Колхоздарда 1953 жылы іс жүзінде сүрленген 640 мың тоннаның орнына, 1954 жылы 3.750 мың тонна, 1955 жылы 4.400 мың тонна шөп сүрлеуді қамтамасыз ету қажет, мұның өзі сүрленетін дақылдардың, ең алдымен, анағұрлым өнімді және өте жұғымды мал азығы — жүгерінің егіс көлемін едәуір ұлғайтуды талап етеді.

Судан шөбінің, жемшөптік қызылшаның және жемшөптік бақша дақылдарының егіс көлемін барынша ұлғайтып, сүрленетін жүгері мен күнбағысты шаршы-ұялап егу әдісін кеңінен қолдану керек, колхоздардың қоғамдық малына дәнді азық қорларын жасау үшін сұлы мен арпа егісін едәуір ұлғайту керек.

Малды сауықтыру және оны малдәрігерлік жағынан қамту ісін жақсарту, мал қораларын салу, мал фермаларын кадрлармен толықтырып, олардың мамандығын арттыру жөнінде елеулі шаралар істеуге тура келеді.

Егіншілік пен мал шаруашылығы үшін әсіресе республиканың оңтүстік облыстарында өте зор маңызы бар су шаруашылығын өркендету мәселелеріне баяндамашы тоқталды.

Ирригациялық құрылыстарды пайдалану көп жағдайда нашар ұйымдастырылған, ал оларды салу жұмысы мүлде баяу өрістетілуде. Су шаруашылығының салақсытылуын жойып, ирригация жүйелерін ұлғайтып, егіншілік пен мал шаруашылығының мұқтаждары үшін суды дұрыс және өнімді пайдалануды қамтамасыз ету қажет.

СОКП Орталық Комитетінің сентябрь Пленумы машина- трактор станцияларын мен арнаулы станциялардың жұмысын жақсарту, оларды басшы кадрлармен, инженер- техник қызметкерлерімен және ауыл шаруашылығының мамандарымен нығайту жөнінде нақты программа жасап берді.

Республика партия ұйымдары МТС-тер мен ММШС-терде жұмыс істеу үшін 112 адамды директор, 263 адамды бас инженер, 277 адамды —жөндеу мастерскойларының меңгерушілері, 185 адамды — бас агроном, 422 адамды —бас зоотехник, 387 адамды —аға мал дәрігері етіп жіберді.

Бірақ МТС-тер мен ММШС-терді маман кадрлармен нығайту міндеті әлі де шешілген жоқ.

МТС-тер мен ММШС-терге директор, бас инженер және мастерской меңгерушісі етіп жіберу үшін өнеркәсіптен және халық шаруашылығының басқа салаларынан инженер-механиктерді іріктеп алу жұмысы мүлде қанағаттанғысыз жүргізі-

(Соңы 2-бетте).

# Қазақстан Компартиясының VII съезіне Қазақстан КП Орталық Комитетінің есепті баяндамасы

(Соңы. Басы 1-бетте).

луде. Бұл жұмыс, әсресе Оңтүстік Қазақстан облысында нашар болып отыр.

МТС-тер мен ММШС-терді инженер-техник кадрларымен нығайтуда Қазақстанға Одақтық Үкмет пен СОКП Орталық Комитеті зор көмек көрсетті, олардың қарары бойынша республикаға Куйбышев, Сталинград, Челябинск және Молотов облыстарынан 190 инженер- механик, 505 техник-механик жіберілді.

СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының қаулысы жарияланғаннан бері бес айдан аса уақыт өткеніне қарамастан, Ауыл шаруашылығы министрлігі, сондай-ақ жергілікті совет және ауылшаруашылық органдары колхоздарда тұрақты жұмыс істеу үшін МТС-терге жоспарда белгіленген 5 мың маманнан 3.389 маман ғана жіберді.

Бұл жұмыс, әсресе Ақмола, Ақтөбе, Қостанай, Шығыс Қазақстан, Батыс Қазақстан және Павлодар облыстарында өте нашар жүргізілуде.

Кейбір аудандарда агрономдар мен зоотехниктер ретінде колхоздарға ешқандай ауылшаруашылық білімі жоқ практиктер бекітіліп жатыр. Көп реттерде колхоздарға жіберілген агрономдар мен зоотехниктер әлі де колхоз өндірісінің ұйымдастырушылары бола қойған жоқ.

Партия ұйымдарының, ең алдымен аудандық партия комитеттерінің міндеті МТС-терде, ММШС-терде және колхоздарда жұмыс істейтін мамандардың ролін бұрынғыдан да жоғары көтеруде болып отыр. Ал мамандардың борышы — колхоз өндірісін ұйымдастырушылар болып, егіс көлемін ұлғайту, барлық ауылшаруашылық дақылдарының шығымдылығын арттыру, мал санын көбейтіп, оның өнімділігін молайту шараларын мезгілінде орындауды барлық колхозшылармен бірге қамтамасыз ету.

Ауыл шаруашылығын онан әрі өркендетудің түбірлі мәселелерінің бірі МТС-тер мен ММШС-терде мамандығы мол тұрақты механизатор кадрларын жасау, оларды даярлау ісін түбірімен жақсарту болып табылады. Ал оның бержағында, бұл участокте істің жайы мүлде жақсы емес. МТС-тер мен ММШС-терде 76 мың тракторшы жұмыс істеуге тиіс, ал іс жүзінде 46 мың ғана тракторшы бар. Әсресе тың және тыңайған жерлерді игеру жөнінде зор жұмыстар істелетін болып отырған облыстарда МТС-тер мен ММШС-тердің тракторшылармен қамтамасыз етілуі нашар.

Істің мүдделері ауыл шаруашылығын механикаландыру училищелеріне басшылық жасаудағы елеулі кемшіліктерді неғұрлым тез түзетуді талап ететінін Қазақ ССР Мәдениет министрі Байғалиев жолдастың есіне салған жөн болады. Министрлік оқуға адам алу жоспарын ең қысқа мерзімде орындауды, механизатор кадрларын даярлау сапасын жақсартуды қамтамасыз етуге, әрбір училищенің жағдайын айқындап, оқудың біркелкі жүргізілуіне батыл шаралар қолдануға міндетті.

Жақын және ұйымдық жағынан неғұрлым нығайған колхоздар мен МТС-терге неғұрлым тәжрибелі партия қызметкерлері, ал, әлсіз және алыс колхоздар мен МТС-терге тәжрибесі аз қызметкерлер жіберілді.

Көптеген аудандық партия комитеттері қызметкерлерді колхоздарға бекітумен тынып, оларға нұсқау бермеді, жұмыс тәжрибесін ауысуды ұйымдастырмады, олардың қызметін нашар бақылайды. Сондықтан, қызметкерлердің едәуір бөлегі жұмысты ескі әдіспен істейді, МТС-тер мен колхоздарға сирек барады.

Бұқаралық-саяси жұмыстың дәрежесі СОКП Орталық Комитетінің Пленумы алға қойған міндеттерге сай емес, мәдени-ағарту мекемелері жұмысты нашар істейді, социалистік жарыс әсресе МТС қызметкерлерінің Бүкілодақтық кеңесінің үндеуіне байланысты қанағаттанғысыз өрістетілген, жұмыстың озат әдістерін тарату ісі өте нашар жолға қойылған.

Аудандық партия комитеттерінің МТС-терге, ММШС-терге және колхоздарға бекітілген қызметкерлер топтарының жұмысына күнбе-күн бағыт беріп отыру керек. Бұл топтардың аса маңызды және бірінші кезекті міндеттері колхоздар мен МТС-тердің кадрларын зерттеу, оларды тұрыс орналастыру, ауыл шаруашылығы мамандары арасындағы жұмысты үнемі жүргізіп, олардың тұрмыс жағдайлары мен мәдени мұқтаждары жөнінде қамқорлық жасап, бастауыш партия ұйымдарының бұқаралық-саяси және партиялық ішкі жұмысын жандандыруға көмектесу болып табылады.

Республиканың совхоздары есеп беріп отырған уақыт ішінде өз жұмыстарын біраз жақсартты. Алайда көптеген совхоздардың өндірістік жұмысында, СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының қаулысында көрсетілгендей, ірі-ірі кемшіліктер бар. Көптеген совхоздар әлі де болса үлгілі және жоғары рентабельді шаруашылықтарға айналған жоқ, оларда ауылшаруашылық дақылдарының шығымдылығы және мал шаруашылығының өнімділігі төмен, өнім бермейтін шығындардың көп жұмсалуына, өнімнің өзіндік құны жоғары болуына жол беріліп келеді.

СОКП Орталық Комитетінің сентябрь Пленумы совхоз өндірісін онан әрі өркендету ісінде совхоз қызметкерлеріне жаңа, неғұрлым жоғары талаптар қойды, сүтті, етті, астықты, картопты, овощьты, мақтаны, жүнді және басқа өнімдерді өндіру мен мемлекетке өткізуді едәуір мөлшерде арттыру міндетін қойды.

Белгіленген программаны ойдағыдай орындау үшін ең алдымен жемшөп базасын едәуір жақсартып, табиғи шабындықтардың шығымдылығын арттыру керек, көпжылдық және біржылдық шөптердің егісі мен шығымдылығы жоспарын, әсресе, жоңышқаның, беденің, эспарцеттің, судан шөбінің егісі мен шығымдылығы жоспарын орындауды қамтамасыз ету керек.

Тұтас алғанда көпшілік тұтынатын товарлар өндіруші өнеркәсіп жұмысты нашар істеді. Соның салдарынан халыққа 1.852 мың метр мақта-мата, 203 мың жұп былғары аяқкиім, 137 мың жұп пима, 1.463 мың жұп ұйық-шұлық кем берілді.

Азық-түлік товарлары өнеркәсіп министрлігі (Бутин жолдас), Көпшілік тұтынатын өнеркәсіп товарлары министрлігі (Родионов жолдас), Жергілікті және отын өнеркәсіп министрлігі (Әділов жолдас), Қазақстан кәсіпшілік советі (Ержанов жолдас) және олардың кәсіпорындары халық тұтынатын товарлар өндіру жоспарының әрбір кәсіпорында орындалуын қамтамасыз етіп, жаңа өндірістік объектілер салу жұмысын өрістетуге міндетті.

Баяндамашы онан әрі республика финанс органдары жұмысының мәселелеріне, денсаулық сақтау органдарының жұмысына тоқтап, партиялық-ұйымдастыру, партиялық-саяси жұмыстың мәселелеріне көшті.

## Партиялық-ұйымдастыру жұмысы

Қазақстан КП Орталық Комитеті кадрларды іріктеп алу, орналастыру және жоғарылату жөнінде белгілі жұмыстар жүргізді.

Қазақстан Коммунистік партиясының VI съезінен кейін басшы партия, совет, кәсіподақ және комсомол кадрларының сапа құрамында едәуір өзгерістер болды. 1952 жылғы 1 июльде Қазақстан КП Орталық Комитетінің номенклатура құрамында жоғары және аяқталмаған жоғары білімі бар қызметкерлер 27,2 процент болса, 1954 жылғы 1 январьда олардың үлес салмағы 37,8 процентке дейін өсті, ал аяқталмаған орта және төмен білімі бар қызметкерлердің саны 14,8 проценттен 9 процентке дейін кеміді. Осындай өзгерістер республикадағы номенклатуралық қызметкерлердің барлық категорияларында да болды.

Сонымен қатар кадрлар арасындағы жұмыста елеулі кемшіліктер мен қателіктер бар.

Кадрларды іріктеп алу және орналастыру ісіне кеңсешілдік-бюрократтық көзқарас фактілері әлі күнге дейін жойылған жоқ.

Орталық Комитет бюросының жұмысында кадрларды іріктеп алу, жоғарылату және орналастыру жөнінде елеулі қателіктерге жол берілді. Кадрларды іскерлік және саяси белгілеріне қарай емес, семьяшылдықпен, тамыр-таныстықпен іріктеп алып, партиялық принциптерді бұзу фактілері болып келді. Кейде бір участокте жұмысты ақсатқан кадрлар сыннан қорғалып, басқа басшы қызметтерге қайта қойылып отырды, мұның өзі қызметкерлерді дұрыс тәрбиелеуге көмектеспеді және олардың арасында жауапсыздық туғызды.

Ұлт кадрларын іріктеп алу және жоғарылату ісінде де қателіктер болды. Кейде басшы қызметтерге даярлығы жоқ қызметкерлер жоғарылатылды, ал қолынан іс келетін және даярлығы бар кадрлар тасада қалып қойды. Мұның бәрі саяси, шаруашылық және мәдениет құрылысының аса маңызды участоктеріндегі жұмысты нашарлатуға әкеп соқты.

Міндет мынада: кадрларды іріктеп алудың және орналастырудың партиялық принципін бұзушылықты жою керек, партия, совет және шаруашылық жұмыстың барлық участоктерін қаблетті, істі жақсы білетін қызметкерлермен нығайтуға қажетті шаралар қолдану керек.

Партияның XIX съезінен кейін партия ... кендету міндетін шешуде совет органдары елеулі роль атқарады.

Алайда совет органдарының ұйымдастыру жұмыстарының дәрежесі оларға қойылып отырған талаптан мүлдем артта қалып қойып отыр. Қазақ ССР Министрлер Советі еңбекшілер депутаттары облыстық, қалалық және аудандық Советтерінің атқару комитеттеріне өте жеткіліксіз басшылық етеді, аудандық атқару комитеттерінің өз жұмыстарын СОКП Орталық Комитеті сентябрь Плеумының талаптарына сай қайта құруына, облыстық, аудандық, селолық советтердің, олардың тұрақты комиссияларының жұмысын жандандыруға, совет активін колхоздардың, МТС пен совхоздардың жұмысындағы кемшіліктерді түзетуге қатыстыруға нашар көмектеседі.

Республика партия ұйымдарының міндеті советтерге күнбе-күн басшылықты күшейту, совет органдары мен совет аппаратының үкмет қарарларын орындаудағы ролі мен жауапкершілігін арттыру болып отыр.

Республиканың Министрлер Советі және барлық, совет органдары ауыл шаруашылығына, халық тұтынатын товарлар өндіру ісіне және халық шаруашылығының басқа да аса маңызды тарауларына басшылығын шұғыл жақсартуға тиіс.

Есеп беріп отырған уақытта республика кәсіподақ ұйымдары едәуір өсіп, ұйымдық жағынан нығайды. Қазір республикада 13.252 бастауыш кәсіподақ ұйымы бар, бұлар 1 миллион 224 мың кәсіподақ мүшесін біріктіріп отыр, яғни Қазақстан КП VI съезінен бергі жерде республика кәсіподақ мүшелерінің саны 57 мың адамға өсті.

Алайда Қазақстан кәсіподақтар советі, облыстық кәсіподақтар әрбір кәсіпорынның, құрылыстың, совхоздың, МТС-тің, ММШС-тің өндірістік жоспарларды орындау жолындағы социалистік жарысын ұйымдастыруға нашар басшылық етеді.

Кәсіподақ ұйымдарын еңбекшілердің материалдық тұрмыс дәрежесін одан әрі арттыра беру саласында партия мен үкметтің директиваларында алға қойылған міндеттерді тез және табысты орындауға бағыттай отырып, оларға партиялық басшылықты күшейту қажет.

Республиканың комсомол ұйымында 547.810 БЛКЖО мүшесі бар. есеп беріліп отырған уақыт ішінде ол 20 процент өсті.

Комсомол ұйымының жұмысында елеу- ... мен мектептерінде теориялық қағидалар кейде нақты тарихи жағдайдан тыс, негізгі шаруашылық және саяси міндеттерден, ең алдымен ауыл шаруашылығы саласындағы міндеттерден тыс баяндалады.

Насихатшылармен жұмысты негізінен жақсарту керек, насихатшылар семинарларының жұмысын үнемі бақылап, марксизм-ленинизм кешкі университеттері мен партия мектептерінің жұмысын мейлінше жақсарту қажет.

Міндет — еңбекшілердің қалың көпшілігін саяси жұмыспен қамту, бұл жұмысты халықшаруашылық жоспарларын орындау жолындағы еңбекшілердің күнделікті күресімен тығыз байланыстыра жүргізуді қамтамасыз ету.

Бұқаралық-саяси жұмысты онан әрі жақсарта берудің негізгі шарты оған басшы партия және совет қызметкерлерін кең қатыстыру болып табылады. Істі әрбір басшы қызметкер қандай қызметте отырса да, еңбекшілерді саяси тәрбиелеуге белсене қатысып отыратындай етіп ұйымдастыру керек.

Бүкіл еліміз сияқты, біздің республикамыз да еліміздің өмірінде үлкен саяси маңызы бар оқиға — ССР Одағының Жоғарғы Советінің сайлауы қарсаңында отыр. Сайлау науқанында партия ұйымдары партияда жоқ жұмысшылармен, шаруалармен және интеллигенциямен блок жасап, одақтасып шығады. ССРО Жоғарғы Советінің депутаттығына кандидат болып республикамыздың халық шаруашылығының, ғылым мен мәдениеттің әр алуан тарауларында жұмыс істейтін таңдаулы адамдары ұсынылды және тіркелді.

Республика партия ұйымдарының міндеті сайлауға әзірлік және оны өткізу үстінде коммунистер мен партияда жоқтардың блогін бұрынғыдан да нығайту, барлық сайлаушылардың сайлауға белсене қатысуын қамтамасыз ету болып табылады.

Республикалық газеттер мен журналдар, облыстық және аудандық баспасөз партияның XIX съезінің, Орталық Комитеттің сентябрь Пленумының қарарларын, СОКП Орталық Комитеті мен Совет үкметінің бұдан кейінгі қаулыларын насихаттауда белгілі жұмыс жүргізді. Екі облыстық бірқатар қалалық және аудандық, газеттер жаңадан ұйымдастырылды, газеттердің тиражы көбейді.

Алайда газеттер мен журналдардың практикалық жұмысында елеулі кемшіліктер мен олқылықтар бар.

Республиканың газеттері, соның ішінде «Социалистік Қазақстан» мен «Казахстанская правда» ауыл шаруашылығы мәселелерін, ауыл шаруашылығының шұғыл өрлеуін қамтамасыз ету ісінде партия, совет және шаруашылық органдарының жұмысын әлі де болса қанағаттанғысыз жазып отыр. «Қазақстанның ауыл шаруашылығы» журналы өзінің міндетін нашар атқарып келеді.

Кейбір аудандық партия комитеттері ...

Кейбір ғылми-зерттеу мекемелері практика үшін тікелей маңызы бар аяқталған ғылми еңбектерді халық шаруашылығына енгізуге немқұрайды қарап келеді.

Ғылми- зерттеу мекемелерінің жұмысында көп тақырыптылық әлі күнге жойылған жоқ, жеке тақырыптарды орындау мерзімдері көп жағдайда кешеуілдетіліп, ал кейде тіпті орындалмай қалып жүр. Ғылми кадрларды іріктеп алу, орналастыру және даярлау ісіндегі кемшіліктер мен қателіктер әлі де жойылмай келеді.

Қазақстан ғалымдарының күш-жігерін дәнді, жемшөптік және техникалық дақылдардың шығымдылығын арттырудың жаңа агротехникалық тәсілдерін онан әрі зерттеп, жаңадан белгілеп, өндіріске енгізуге жұмылдыру қажет, өсімдік шаруашылығы саласындағы селекция жұмысын жақсартып, ауылшаруашылық малдарының өнімділігін арттыру және малдың жаңа тұқымдарын өсіріп шығару, республиканың мал шаруашылығы үшін тұрақты жемшөп базасын жасау жөнінде зерттеу жұмыстарын онан әрі жүргізіп, ауыл шаруашылығы озаттарының тәжрибесін зерттеп, ғылми жолмен қорыту қажет.

Түсті және сирек кездесетін металларды кокстелетін тас көмірді өндірудің озат әдістерін, рудаларды байыту және концентрат өңдеу процестерін зерттеп, өндіріске енгізу жөніндегі жұмыстарды күшейту қажет.

Республиканың жұртшылығы біздің ғалымдарымыздан «Қазақ ССР тарихының» екі томын, қазақ әдебиеті мен тілі жөніндегі, искусство зерттеу және экономика жөніндегі қателіктерден арылған еңбектерді неғұрлым тез жасап, басып шығаруын күтіп отыр.

Қазақстан КП Орталық Комитеті республиканың Жазушылар Одағының, «Әдебиет және искусство», «Советский Казахстан» әдеби журналдарының басшылығын нығайту, жазушылар ұйымының, — әдебиет баспасының және көркем аударма ұйымының жұмысын жақсарту жөнінде шаралар қолданды. Бұл өзінің нәтижелерін берді. Бірақ тұтас алғанда қазақ совет әдебиетін өркендетуде әлі де елеулі кемшіліктер бар. Бұл жөнінде «Правда» газетінің «Сынау орнына мадақтау» деген жазушы Әуезов пен Мұқанов туралы монографияларға арналған мақаласындағы сын өте дұрыс болды.

Жазушылар одағында жұмыстың дәрежесін батыл күшейтіп, жазушылар арасында сын мен өзара сынды барынша өрістетіп, оларды Коммунистік партияға берілгендік рухында, кемшіліктер мен қателіктерге төзбеушілік рухында тәрбиелеп, әдебиеттегі бисаясаттық пен идеясыздықтың және буржуазияшыл ұлтшылдықтың зәредей болса да көріністеріне қарсы мейірімсіз күрес жүргізіп, әдебиет сыны мен әдебиет зерттеу ісінің дәрежесін көтеру қажет.

Есеп беріп отырған уақыттың ішінде театрлар мен музыкалық мекемелердің

Барлық партия, совет және ауылшаруашылық органдарының бірінші кезектегі міндеті өнеркәсіп пен құрылыста жұмыс істейтін механизатор кадрларын ауыл шаруашылығына қайтару жұмысын онан әрі жүргізіп, ауыл шаруашылығындағы механизатор кадрларын мамандығы бойынша пайдалануда облыс орталықтарындағы курстарды өрістетуде, трактор мен комбайнды үйренуге комсомол мен жастардың бетін бұруда болып отыр.

Ауыл шаруашылығын мықтап өркендетуді қамтамасыз ету үшін партия ұйымдары колхоздарға басшылықты үнемі жақсарта беруге колхоздардың лайықты адамдарды председатель, бригадир, ферма меңгерушісі етіп жоғарылатуына көмектесіп, басшы колхоз кадрларымен үнемі жұмыс істеп, оларды үйретіп отыру қажет. Колхоздарды басшы кадрлармен нығайту, олардың мамандығын арттыру партия ұйымдарының, совет және ауылшаруашылық органдарының аса маңызды ісі болып табылады.

СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының қаулысына сәйкес, колхоздар мен МТС-терге басшылық етудегі иесіздік пен жауапсыздықты жою мақсатымен аудандық партия аппаратын қайта құру жөнінде жұмыстар жүргізілді. Аудандық партия комитеттерінде аудандық комитеттердің секретарьлары бастаған қызметкерлер тобы құрылды, бұл қызметкерлер МТС-терде және МТС-тер қамтитын колхоздарда партиялық-саяси жұмыс жүргізуде.

Аудандық партия комитеттерінің МТС жөніндегі секретарьлары бастаған қызметкерлер топтарын құру аудандық комитеттерде өте кешігіп, көп ретте формальді түрде жүргізілді. Бірқатар облыстарда аудандық партия комитеттері бұл қайта құру ісінің маңызын түсінбеді.

Кейбір аудандық партия комитеттері Қазақ ССР Совхоздар министрлігі республика ауыл шаруашылығының алдында тұрған аса маңызды міндеттердің бірі —тыңайған және тың жерлерді игеруге ерекше назар аударуға тиіс.

Ауыл шаруашылығын өркендету саласындағы үлкен және күрделі міндеттерді орындау республика Ауыл шаруашылығы министрлігі мен Совхоздар министрлігінің, облыстық ауыл шаруашылығы басқармалары мен совхоздар трестерінің жұмысын батыл жақсартуды керек етеді.

СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының қаулысы бойынша орталықта және жер-жерде ауылшаруашылық органдары қайта құрылды, министрліктердің құрылымы икемделді, аппараттың артық буындары жойылды, штаттар қысқартылды.

Бірақ, ауылшаруашылық органдарының жұмысында, ең алдымен, Ауыл шаруашылығы министрлігі мен Совхоздар министрлігінің жұмысында бұрынғысынша елеулі кемшіліктер бар. Бұл кемшіліктер тиісті ұйымдастырушылық жұмыстың болмауында және МТС-тердің, ММШС-тердің, колхоздардың, совхоздардың жұмысына нашар басшылық етілуінде болып отыр.

Ауыл шаруашылығы министрлігі МТС-терді, ММШС-терді, колхоздарды ауыл шаруашылығының мамандарымен нығайту және ол мамандарды іріктеп алу ісімен нашар шұғылдануда.

Ауыл шаруашылығында ғылым мен озат тәжрибенің жетістіктерін насихаттауға және өндіруге басшылық етуде елеулі кемшіліктер бар. Колхозшылардың үшжылдық агро-зоотехникалық курстардағы оқуы жөніндегі жұмыс өте-мөте нашар ұйымдастырылған.

Таяудағы уақыттың ішінде бұл кемшіліктерді жойып, ауыл шаруашылығына басшылық ету дәрежесінің жоғары болуын қамтамасыз ету қажет.

## Товар айналымы және халық тұтынатын товарлар шығару

Республикада товар айналымы жыл санап өсіп келеді. Сонымен бірге республиканың сауда ұйымдарының жұмысында ірі-ірі кемшіліктер бар. Қазақ ССР Сауда министрлігі соңғы жылдарда товар айналымы жоспарын үнемі орындамай келеді. Республиканың қалаларында және өнеркәсіп орталықтарында картоп пен овощь саудасы мүлдем қанағаттанғысыз ұйымдастырылған. Сауда ұйымдары шығарылған товарлардың сапасын арттыру және олардың ассортиментін ұлғайту ісінде өнеркәсіпке қанағаттанғысыз ықпал жасауда. Мемлекеттік және кооперативтік меншікті сақтау жолындағы күрес өте-мөте нашар жүргізілуде, соның салдарынан сауда ұйымдарындағы талан-тараж бен ұрлық әлі де болып келеді. Сауда министрлігі мен Қазақстан тұтынушылар одағы сауда кадрларын іріктеп алу, орналастыру, тәрбиелеу және даярлау жұмысымен мықтап шұғылданбай отыр.

ССРО Министрлер Советі мен СОКП Орталық Комитетінің «Совет саудасын онан әрі өрістету шаралары туралы» қаулысын сөзсіз жүзеге асыруды қамтамасыз ету қажет. Сауда мен қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарының жүйесін, әсресе, мемлекеттік сауда мен тұтыну кооперациясының арнаулы магазиндерін көбейту керек;

Халық тұтынатын товарларға деген тілекті үнемі зерттеп, жан-жақты есепке алу ісін ұйымдастыру керек, маусымдық, ұлттық және тұрмыстық ерекшеліктерін ескере отырып, республиканың қалалары мен аудандарына, товарларды жоспарлаудың, бөлудің және дер кезінде жеткізудің дұрыс болуын қамтамасыз ету керек;

Товарлардың сапасы үшін күресті күшейтіп, сауда мәдениетін арттыру керек;

қоғамдық тамақтану ісін сөзсіз жақсартуға шаралар қолдану керек;

сауда ұйымдарының істе тексерілген, маман кадрлармен толықтыруға шаралар қолданып, кадрларды іріктеп алу, орналастыру, тәрбиелеу және даярлау ісін түбірімен жақсарту керек.

өткізу мерзімдерінің Уставтық талаптарын қатаң орындайтын болды.

Алайда жағдай барлық жерде мұндай емес. Кейбір облыстық, қалалық және аудандық партия комитеттері бастауыш партия ұйымдарының жиналысын өткізуді ұйымдастыру ісін өз бетімен жіберді, олар көптеген партия ұйымдарында партия жиналыстарының айлап өтпейтін фактілеріне назар аудармайды.

Бірқатар ұйымдарда сын мен өзара сынды өрістету ісі жақсы емес. Сөйлеушілер бірсыпыра жағдайларда көкейтесті мәселелерге, жеке қызметкерлердің теріс әрекеттеріне және орын алып отырған қолайсыз жағдайларға көңіл бөлмейді.

Сын мен өзара сынның өрістеуіне қолғабыс тигізбейтін қызметкерлер біздің алға басуымызға кедергі жасайтындығын есте ұстау керек. Мұндай қызметкерлер басшы болу дәрежесіне жеткен жоқ және партияның сеніміне ие болуға дәмелене алмайды.

Осы съездің алдында республика бастауыш партия ұйымдарында есеп беру-сайлау жиналыстары, аудандық, қалалық және облыстық партия конференциялары болып өтті. Олар партия бұқарасының жоғары саяси белсенділігін, коммунистердің партия мен үкмет алға қойып отырған міндеттерді орындау үшін жауаптылығының артқандығын көрсетті.

Болып өткен конференцияларда негізгі назар аударылған мәселе СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының ауыл шаруашылығын онан әрі өркендету жөніндегі директиваларын орындау мәселесі болды. Көптеген делегаттар аудандық комитеттер мен обкомдарды, Қазақстан КП Орталық Комитетін қатаң және әділ сынап сөз сөйледі.

Әрбір іскерлік сын ескертпе және ұсыныс ескерусіз қалмау үшін бұл сындардан қажетті қорытынды шығару үшін күресу керек.

1954 жылғы 1 январьда Қазақстан партия ұйымының құрамында 227397 коммунист, оның ішінде 210632 СОКП мүшесі мен 16765 СОКП мүшелігіне кандидат болды.

Есеп беріп отырған уақытта СОКП мүшелігіне 15 987 адам және СОКП мүшелігіне кандидаттыққа 7 123 адам алынды.

Алайда республиканың кейбір партия ұйымдары партия қатарына жұмысшылардан, колхозшылардан және интеллигенциядан алдыңғы қатарлы адамдарды таңдап алу, кандидаттық мерзімі біткен партия кандидаттары туралы мәселе талқылап отыру ісіне ойдағыдай көңіл бөлмей келеді.

Партия ұйымдары жұмысшылардың, колхозшылардың және интеллигенцияның ең жақсы бөлегін жеке-жеке қатаң іріктеп алу негізінде партияға қабылдау жөнінде өз жұмысын жақсартуға тиіс.

Республика алдында тұрған үлкен міндеттерді, әсресе ауыл шаруашылығын өр-

## Идеологиялық жұмыс

XIX съездің қарарларын орындай отырып, республиканың партия ұйымдары партиялық насихат ісіне басшылығын жақсартты.

Республикада партия насихаты оған қойылған талаптардан едәуір артта қалып отырғандығын мойындау керек.

Партия оқуының бірқатар үйірмелері

ұйымдары жастар арасында саяси-тәрбие жұмысын қанағаттанғысыз жүргізіп келеді, олар СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының қаулысына сәйкес өз жұмыстарын қайта құрған жоқ. Мұндай жағдай партия ұйымдарының комсомол ұйымдарына әлі де болса нашар басшылық етіп отырғандығының салдары болып табылады.

Облыстық, қалалық және аудандық партия комитеттері комсомол ұйымдарының жұмысын күнбе-күн бағыттай отырып, оларды барлық шаруашылық-саяси міндеттерді, әсресе деревня еңбекшілері алдына қойылып отырған міндеттерді шешуге қатыстырып отыруға тиіс.

Комсомол ұйымдары жұмысының дәрежесін шұғыл көтеру, олардың мемлекеттік, шаруашылық және мәдени құрылыстағы ролін күшейту қажет. Комсомол ұйымдары тың және тыңайған жерлерді меңгеру, қоғамдық мал шаруашылығын өркендету және механизатор кадрларын көптеп даярлау жолында қажырлы күрес жүргізуді өздерінің ең бірінші міндеті деп санаулары керек.

Республика партия ұйымдары әйелдерді Қазақстанның халық шаруашылығының және мәдениетінің барлық саласына қатыстыру жөнінде бірқатар жұмыстар істеді.

Қазір республика халық шаруашылығының және мәдениетінің түрлі салаларында 1 миллион 192 мың әйел жұмыс істейді.

Соңғы екі жыл ішінде Қазақстанның жоғары оқу орындары мен техникумдарында жоғары және орта білімі бар 9.400 әйел-маман даярланды, оның 1.223-і — қазақ әйелдері.

Қазақстан Компартиясының кейбір облыстық, қалалық және аудандық комитеттері, әйелдер арасында, әсресе қазақ әйелдері арасында саяси-тәрбие жұмысын жақсартудың маңызына жеткілікті мән бермей келеді.

Қазақ қыздарын бастауыш, жетіжылдық және орта мектептерде оқыту ісі әлі де қанағаттанғысыз. Қазақстанда осы уақытқа дейін инженер, дәрігер, агроном болып істейтін және орта дәрежелі мамандығы бар қазақ әйелдерінің аз болып отырғанын тек осының салдары деп түсіну керек.

Республиканың кейбір партия ұйымдары, сот және прокуратура орындары байшыл-феодалдық қалдықтармен қанағаттанғысыз күресіп келеді, бұл мәселеге жеткілікті саяси мән беріп, мұндай келісімсіз жағдайлардың орын алуына төзуге болмайтындығы жөнінде қоғамдық пікір тудырып отырмайды.

Әйелдер арасындағы саяси-тәрбие жұмысы, олардың өндірістік және қоғамдық өмірге көптеп белсене қатысуына қамқорлық жасап отыру республиканың барлық партия ұйымының маңызды ісі болып табылады.

етуден шет қалған: газеттердің шығу тәртібі өрескел бұзылады, газеттер колхоздардағы, МТС-тер мен совхоздардағы жағдайға жеткілікті ықпал жасамайды.

Партия органдары баспасөздің бұқараның үгітшісі, насихатшысы және ұйымдастырушысы ролін толық орындауын, бар резервтерді үнемі ашып отыруын, озат тәжрибені кеңінен және терең насихаттауын, кемшіліктерді батыл және өткір сынауын, бұқарамен байланысын өрістетіп, нығайтуын қамтамасыз етуге міндетті.

Халық-ағарту саласында жұмыс біраз жақсарғанымен әлі де ірі кемшіліктер бар. Сондықтан орта білім алу ісі қолданылған қалаларда мектептердің жемісті жұмыс істеуіне қажетті жағдайлар жасауға байланысты барлық мәселелерді шешу керек, сол сияқты келесі бесжылдықта орта білім алу ісіне жаппай көшуге алғышарттар әзірлеу керек.

Балаларды тәрбиелеуге мұғалімдер мен мектеп басшыларының жауапкершілігін арттырып, комсомол және пионер ұйымдарының жұмысын жандандырып, оқушыларға коммунистік тәрбие беру жөнінде ата-аналар арасындағы жұмысты күшейту қажет.

Жоғары және орта арнаулы оқу орындарының жұмысы біраз жақсарды. Жергілікті ұлттардан мамандар шығару ұлғайды қазіргі уақытта Республиканың жоғары оқу орындары мен техникумдарында 70 мыңнан аса адам оқиды. Мұның үстіне 18 мыңға жуық адам жоғары оқу орындарында сырттан оқып жүр.

Республикада жоғары және орта білім беру ісі кең жүргізілсе де, бірқалыпты өрістетілмегендігін айту керек. Фактілер мынаны көрсетеді: халық шаруашылығының тұтас бір саласына болсын, сондай-ақ жеке мамандық бойынша болсын, кадрлар даярлауды жоспарлау ісі туып отырған талаптарды жеткілікті зерттемей және алдағы перспективаларды есепке алмай жүргізілді.

Әсресе ауыл шаруашылығы үшін инженер- техник кадрларын және басқа кадрларды даярлау қанағаттанғысыз жүргізілді, соның салдарынан ауыл шаруашылығын инженер -техник кадрларымен, су шаруашылығы мамандарымен қамтамасыз ету өте нашар болып отыр.

Қазіргі уақытта республикада жалпы алғанда 128 ғылми- зерттеу мекемелері, соның ішінде 34 ғылми-зерттеу институттары бар. Бұларда 2000-ға жуық ғылми қызметкерлер жұмыс істейді.

Алайда, Қазақстанның көптеген ғылмизерттеу мекемелері мен ғалымдарының жұмысында елеулі кемшіліктр бар. Ұлтшылдық көріністері мен қателіктер, біздің бірқатар ғылми-зерттеу мекемелеріміз бен ғылми қызметкерлеріміздің өмірден, халық шаруашылығының нақты тілектері мен мұқтаждарынан қол үзушілігі әлі ақырына дейін жойылған жоқ.

тырылды.

Алайда Мәдениет министрлігі, Жазушылар, Композиторлар, Суретшілер одақтары, театрлар өз жұмыстарын әлі де мүлде баяу қайта құруда. Республика партия ұйымының искусство саласындағы міндеті творчестволық қызметкерлерді советтік шындықты дұрыс және терең бейнелейтін шығармалар, жоғары идеялы және шеберлікпен жазылған шығармалар жасауға жұмылдыру болып отыр.

Баяндамасының қорытындысында Ж. Шаяхметов жолдас республиканың халық шаруашылығының бірқатар аса маңызды участоктеріне, ең алдымен ауыл шаруашылығына қорғасын мен мырыш өнеркәсібі күрделі құрылысқа басшылық етудегі елеулі қателіктер мен кемшіліктердің себептеріне тоқталды.

Орталық Комитеттің бюросы СОКП Орталық Комитетінің сентябрь Пленумының қаулысынан, сонымен қатар СОКП Орталық Комитетінің ауыл шаруашылығына басшылықты жақсарту туралы сан рет жасаған ескертулері мен нұсқауларынан тиісті қорытынды шығармады. Орталық Комитет бюросының жұмысында кемшіліктерді принципті партиялық сынау болмады. Орталық Комитеттің бюросы халық шаруашылығын өркендету жөнінде көптеген қарарлар қабылдап, бұл қарарлардың орындалуын үнемі бақылауды қамтамасыз етпеді, соның салдарынан бұл қарарлардың көбі орындалмай қалды. Мұндай жағдай қызметкерлерге талап қоюшылықтың төмендеуіне, партиялық, және мемлекеттік тәртіптің нашарлауына әкеліп соқтырды.

Мұның бәрі Орталық Комитет бюросының және Қазақстан КП Орталық Комитеті секретарьларының ұйымдастыру жұмысының дәрежесі төмен болғандығының салдары.

Қазақстанның партия ұйымының алдында зор және жауапты міндеттер тұр. Бұл міндеттерді орындау үшін республиканың халық шаруашылығына, әсресе ауыл шаруашылығына басшылық ету әдістерін түбірімен жақсарту қажет. Партия, совет, шаруашылық аппаратының барлық буынында тәртіпті батыл нығайтып, әрбір қызметкердің өзіне жүктелген іске жауапкершілігін арттырып, СОКП Орталық Комитетінің сентябрь Пленумының «ССРО ауыл шаруашылығын онан әрі өркендету шаралары туралы» қаулысын сөзсіз орындауды қамтамасыз ету керек.

Республиканың халық шаруашылығын, әсресе ауыл шаруашылығын өркендетудің барлық міндеттерін партия ұйымдары осы міндеттерді шешуге еңбекшілердің қалың бұқарасын жұмылдырған күнде ғана ойдағыдай орындауға болады.

Редактордың орынбасары
Ғ. НҰРМОЛДИН.

РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы. Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор 1-86, редактордың орынбасары — 1-59, секретариат — 1-33, партия бөлімі— 0-22, ауылшаруашылық және өнеркәсіп-транспорт бөлімдері — 2-36, тілшілер бөлімі — 3-39, корректорлар бюросы —4-39. Газет баспасы —5-53, газет табыс етілмесе — 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.

УШ 00501. Қазақ ССР Мәдениет министрлігі баспа және полиграфия өнеркәсібі Жоғарғы басқармасының № 18 баспаханасы, Петропавл қаласы, Ленин көшесі, 21 үй.